


## ОРИЕНТАЛИЗМ

Ориентализм тұжырымдамасы:  
Саидтің талдауы.  
1-бөлім





**Мақсаты:** Ориентализм әдістеріне талдау жасау. Оларға Саидтің берген бағасын анықтау.

Эдвард Саидтің «Ориентализм» еңбегінің жазылу идеясы алдыңғы дәрістерде айтылғандай Батыс ғылымы мен мәдениетінің Шығыс жайлы жайлы қалыптастырған стереотипімен байланысты болды. Ғылымда кез келген зерттеу жұмысының шынайы, объективті болуы қаншалықты маңызды мәселе екені белгілі болса да, Шығысқа қатысты алғанда ол қағида сақтала бермейтіні байқалады.

Саидтің пікірі бойынша Батыс пен Шығыстың арақатынасы ежелден жалған ұстанымға құрылып келді. Батыс үнемі Шығыспен арадағы айырмашылықтарды жар сала көрсету арқылы оны өзіне қарсы қоюмен болды. Саид өз еңбегінде осы көзқарасты қалыптастырған еңбектерді жүйелі түрде зерттеп, Батыс империясының Шығысты түсіну, тану және онымен өзара байланыс орнату әдісі жайлы «ориентализм» тұжырымдамасын жасады.

XX ғасырда әлемді толыққа жуық қамтыған империялық жүйе күйреп, «империялар ғасыры» аяқталған соң тарихта өткен оқиғалардың мазмұны, нәтижелері мен салдарына қайта оралып, оған талдау жасау қажеттілігі туындады. Ғылымда бұл проблемаларға арналған ізденістер жаңа және танымал саланың пайда болуына алып келді. Нақты айтқанда постколониализм теориясы туды. Постколониалдық зерттеулер орталықтар мен шалғай аумақтардың, империялар мен олардың отар аймақтарының саяси немесе экономикалық қана емес, ең алдымен мәдени дискурсының арасындағы қарым-қатынастар жүйесіне, оның күрделілігіне жан-жақты талдау жасауға арналды. Заманауи өзекті мәселелерді көтергендіктен бұл жаңа ғылыми пән өте жылдам дамыды, оған айтарлықтай үлес қосқан зерттеу біз сөз етіп отырған Эдвардтың Саидтің «Ориентализм» еңбегі.

Қазіргі кезеңде саяси аренада империя тақырыбы енді қайтып көтерілмеуі тиіс, көтерілсе тек оның бет пердесін ашу, сынау үшін ғана сөз болуы қажет деген көзқарас бар. Дегенмен ақиқат тәжірибе басқаны дәлелдеп отыр. Империалистердің отар елдердегі үстемдігін ақтап алудың орнына енді мультикультурализм аталатын жаңа стратегиялық идея қалыптастырылды. Мультикультурализм біріншіден, бұл бір елде және бүкіл әлемде мәдени айырмашылықтарды сақтауға және дамытуға бағытталған саясат және екіншіден, осындай саясатты негіздейтін теория немесе идеология. Ол түрлі мәдениеттер мен әлеуметтік топтардың қатар келуіне, жақын орналасуына негізделеді, оның бір мысалы ретінде біздің елімізді атауға болады. Алайда кең насихатталған, биік гуманистік бұл идея да қиындықтарға ұшырауда, олардың күрделілігі соншалық, кейбір зерттеушілер мультикультурализм толығымен күйреуі мүмкін деп санайды. Бұған империалистер мен олардың қарсыластарының арасындағы айтыстың жаңа сипатта қайта басталғаны мысал болады. Сонымен бірге империалистік саясат, мәдени империализм тақырыбы әсіресе бостандығына қол жеткізген, оның орнығуы үшін күресін жалғастырып жатқан немесе керісінше отарынан айырылған мемлекеттерде академиялық тақырып ретінде кең көтеріліп, өзекті мәселеге айналып отыр.

Империялардың тарихы қанау мен әділетсіздікке толы болғаны белгілі. Бұл осы тақырыптың жабылып, проблеманың аяқталғанын білдіре ме? Отаршылар құрсауынан азаттық алған мемлекеттер енді өз қауіпсіздігі үшін алаңдамай-ақ қоюына бола ма?

«Империялар ғасырында» Батыс тек әскери, саяси және экономикалық үстемдік танытып қана қойған жоқ, сонымен бірге орталықтар (империя) мен отар елдердің арасында мәдени қарым-қатынас та жүргені белгілі. Оның қырлары, мазмұны қандай? Нәтижесі не болмақ?

Империя тек қана күш көрсету немесе басқаны өз мүддесіне пайдалану ғана емес, сонымен қатар, өркениетті жолмен жүзеге асырылатын көшбасшылық пен өзара түсіністікке қатысты проблемалар, ал олар (көшбасшылық пен өзара түсіністік) өздерінің дүниетанымы мен мәдени құндылықтары тұрғысынан айтарлықтай ерекшеленеді. Осы және онымен байланысты көптеген маңызды да күрделі мәселелер Э. Саидтің еңбегінің жазылуына алып келді. Біз бүгінгі және алдағы тақырыптарда осы сұрақтардың жауабын беруге тырысамыз.

## **Ориентализмнің позициясы (орны)**

Тарихта Батыс пен Шығыстың арасындағы қарама-қарсылық, бір-бірін қабылдамау қайшылығы Көне Грециядан бастау алады. Қырық жылға созылған грек-парсы соғысынан кейін



Кітап: **Ориентализм**

Дәріс: **Ориентализм тұжырымдамасы: Саидтің талдауы**

гректердің беделі көтерілді, олар өздерінің бостандық тараған ел екендігін, ал Шығыста бостандықтың жоқтығын айтып жар салды.

Саидтің анықтамасын еске түсірсек, Ориентализм – Батыс мәдениеті өкілдерінің Шығыс халықтарының тілдері мен мәдениеттерін зерттейтін (құрметке әбден лайық) академиялық дәстүр ғана емес, сонымен қатар, (тіпті ең алдымен) іргелі және дүниетанымдық алғышарттардың бірлігіне негізделген тұтастай – идеологиялық, саяси, экономикалық және мәдени кешен.

Алдыңғы дәрістерде айтылғандай Саид бұл терминді шығыстану ғылымының атауы ретінде емес, осы анықтамадағы мағынасында қолданады. Ол Батыстың Шығыс жайлы білім мен көзқарас қалыптастыруда қолданатын әдістерінің жиынтығы мен жүйесі, яғни саяси-мәдени категория. Ориентализмнің мұндай позицияға ие болуы Батыстың Шығысқа деген үстемдігінің сан түрлі жолмен: академиялық білім, көркемөнер, музыка және мәдениет құралдары арқылы қамтамасыз етілуінде.

## **Ориентализмнің құрылымы**

Ориентализмнің орны жайлы анықтамамен таныс болғаннан кейін оның құрамын анықтау қажеттігі туады. Ориентализм неден тұрады? Оның құрамына не енеді немесе оны қандай құрамдас элементтер жүзеге асырады? Э. Саид мұндай үрдіс, яғни Батыс мәдениетінің Шығысқа деген үстемдігі шығыстану саласындағы жекелеген шығармалардың, авторлар мен бағыттардың кемшілігі емес екенін, керісінше, ол негізінен алғанда Батыс қоғамындағы Шығыс пен Шығыс қоғамына қарым-қатынасты сипаттайтын көп деңгейлі және көпқырлы мәдени кешен болып қалыптасқанын баса айтты.

Бұл кешенге саясат пен экономика ғана емес, сондай-ақ мәдени тәжірибенің барынша ауқымды салалары: ғылыми, академиялық зерттеулер, көркемдік тәжірибе: бейнелеу өнері, опера, сондай-ақ XIX–XX ғасырлардағы европалық мәдениеттің басты туындыларының бірі – роман енеді.

Бұл бір-бірінен бөлек, барынша әртүрлі тәжірибелер жалпыға ортақ бір методологиялық және философиялық негіздерден туындайды, сондықтан Шығысты сипаттағанда Батыс мәдениетінің Шығысқа үстемдігі барынша табиғи және тіпті қажет құбылыс деп көрсетеді. Басқаша айтқанда, ориентализм – бұл Батыстың Шығысқа қатысты үстемдігін заңдастыруды мақсат ететін танымның біртұтас жүйесі (репрезентация).

Саид ориентализмді айқын және жасырын деп екіге бөледі. Айқын ориентализм бірінші кезекте саясат пен идеологияға, бұқаралық сана-сезімге тән сипат, ол әдетте анық көрініп тұратындықтан дәл осы мағынасында айтарлықтай қиындық болып саналмайды. Оның үрдіске айналуы әбден түсінікті және оны анықтау оңай, сондықтан ол жайлы сөз қозғап, оны сынға алу да қиын емес.

Жасырын ориентализм – бұл анағұрлым күрделі және айқын көрінбейтін алғышарттардың жиынтығы, олар Шығысты түсініп, қабылдаудың жалпыға ортақ дәстүрін, ол жайлы ой мен сезімді анықтайды. Мұндай ориентализммен барынша жақын таныс болу керек.

Дискурстың жасырын тұратын алғышарттарына талдау жасау қазіргі заманғы гуманитарлық әдіснаманың өте маңызды – философиялық герменевтика және қайта құру (деконструкция) тәжірибелерінен бастап әдебиеттануға дейінгі бөлігін құрайды.

Бұл кешеннің негізгі өзегін шығыстанушылар қауымдастығының (мамандардың) кәсіби сана-сезімі құрайды. Себебі олар тек мамандар ғана емес, сонымен қатар, өркениеттерді байланыстырушы көпір болуы тиіс. Басқа сөзбен айтқанда шығыстану бұл мамандық қана емес, сүйікті іс, кәсіп. Олар Саидтің пікірінше, Батыс үстемдігінің терең негіздерін қалыптастыруға және осы позицияны Батыс қоғамының алдында негіздеуге/ақтап алуға елеулі үлес қосады.

Ориентализм Шығысты жүйелі зерттеу дәстүрі ретінде Батыста 1312 жылы Вена шіркеуінің Париж, Оксфорд, Болонья, Авиньон және Саламанкада араб, грек, иврит және сирия тілдері бөлімшелерін ашу туралы шешімінен бастау алады. Бірақ ориентализмнің кең қанат жаюы Батыста қазіргі өркениеттің пайда болуымен байланысты.



Осы мамандықты таңдап, Шығысты зерттеу жолына түскен әр адамның алдында экзотика мен романтикадан басқа түрлі міндеттер, едәуір қиындықтар тұрады. Ең алдымен шығыс тілін үйрену керек, бұл аса жауапты міндет. Сонымен қатар, шығыстанушы маман тарихты, әдет-ғұрыптарды, дінді, саяси дәстүрлерді, олардың ерекшеліктерін білу қажет, ал бұл білім әркімге беріле бермейді, оны игеру үшін адам өз өмірінің біршама бөлігін арнауы тиіс.

Соңында маман бойында сараптамалаық сана аталатын қабілет қалыптасады. Ондай маман талдауы күрделі, арнайы терең дайындықтан өткен сарапшы ғана түсіндіріп бере алатын тақырыптармен жұмыс істейді. Ал басқалар оның білікті көзқарасын сол қалпында қабылдауға мәжбүр болады. Бұған қарсы пікір айту қиын, сонымен қатар, сайып келгенде сарапшы-шығыстанушылар белгілі бір жабық қауымдастық құрайды және ол өзінің қатарына кез келген адамды қабылдамайды, оған ену үшін осы жасырын ориентализмнің негізі болып саналатын бастапқы ортақ қағидаттар мен алғышарттарды қабылдау қажет. Жасырын ориентализмнің ерекшелігі осында.

Э. Саид Батыста Шығысқа қатысты тарап кеткен әртүрлі өткір үрдістерге мысал келтіреді, олардың арасында ориентализмнің келесі негізгі әдістемелік ерекшеліктері бар.

### **Жалпылау, жинақтап бағалау**

Шығыстың бұрмаланған, шындықтан алыс бейнесін қалыптастыруға алып келетін әдістердің бірі жалпылама, жинақтап баға беру (generalization) әдісі. Ол «шығыстық мінез», «шығыс адамы», «шығыс ойы», «шығыс әйелі» тәрізді жалпылауларды тудырған. Бұл ұғымдар идеология мен саясатта немесе жалпы бұқараның санасында ғана емес, академиялық ортада берік орнаған. Олардың қолданысы жалпыға белгілі мағына мен түсінікті қалыптастырып тастағаны соншалық, ешқандай анықтап, талдап жатуды қажет етпейді. Мұндай жалпылаулар Шығысты батыс өркениеті өкілінің жанында барынша жағымсыз мағынада сипаттайды. Шығыс адамы білімсіз, қу, баяу, өтірікші, кекшіл, ақымақ, өзімшіл, қызыққұмар, күдікшіл, сонымен бір мезгілде тұйық және қарым-қатынасқа бейім емес. Әрі ең сорақысы, ол – азаттықтың бағасын түсінбейді және деспотизмге (озбырлық) бейім. Екінші жағынан ол әлі ақыл тоқтатпаған, бұзылмаған, сондықтан өзінен үлкеннің қамқорлығына зәру жас бала сияқты – оның ерте заманғы мәдениет пен өркениеттегі жетістіктеріне немесе қазіргі еңбектеніп жатқанына қарамастан, оны бұл шарасыз, аянышты күйінен тек одан анағұрлым ақылды, тәжірибелі, объективті, белсенді Батыс қана құтқарып қала алады. Жалпылау әдісі бойынша бүкіл Шығыс адамы, кім болса да, араб, парсы, түрік, үнді, қытай болсын, барлығы бірдей, еш айырмасы жоқ. Себебі оларды Шығыс тудырған, ал Шығыс білімсіздік пен мәдениетсіздік тараған мекен.

### **Тарихтан алшақтық (А-историзм)**

Жалпылама жинақтық бағалаудың көптігі соншалық, түптеп келгенде Батыста Шығыс жайлы берілген мәліметтің ешқайсысының уақыты мен кеңістігі аталмайды. Ал ғылымда жалпылау әдісі тарихтан алшақ тұратыны белгілі. Тарихта нақты дерек бар, ал баспасөзде, әдебиетте, көркемөнерде Шығыс «қатып қалған», өзінің бастапқы кейпін ұзақ жылдарға сақтап қалған объект. Бұдан шығатын қорытынды – Шығысты классикалық мәтіндердің мазмұны арқылы түсіну қажет, себебі қалғанының барлығы – осы жазбаларды жоққа шығарудың нәтижесі. Саид Батысты Шығыстың өткенін терең зерттеп алмай, Шығыс қоғамын жаңа заманғы сипатында қарастыруды қатал айыптайды. Себебі Шығыс ол адамзат өркениетінің бастауы. Шығысқа қатысты жақсылықтың барлығы тек оның өткенімен байланысты. Ал қазіргі заманғы Шығыс – бұл азып-тозу, ақылсыздық, шексіз сыбайлас жемқорлық, діни фанатизм және терроризм.



## Мәтінге тәуелділік (тестуальность)

Ориентализмде жалпылау мен тарихтан алшақтықтың нәтижесінде зерттеуші Шығыс елдерінің өзіне келіп тұрып, өз айналысынан бұған дейін кітаптан оқығандарын, естігендерін ғана көре алатын күйге түседі. Көз алдында тұрғанды емес, өзіне кітаптан таныс шындық пен мәліметті ғана көреді. Бұдан ориентализмнің келесі кемшілігі оның мәтінге тәуелділігі, кітаби сипаты шығады.

Саидтің пікірінше Ориенталист қазіргі заманғы Шығысты зерттеуге айтарлықтай қызығушылық танытпайды, себебі, батыстық ғалымның ойынша Шығыс жайлы классикалық мәтіндерде барынша толық, мазмұнды баяндалған. Сонда Шығыстың өзіне барған сапары ориенталист ғалым үшін бар болғаны оның кітаптан алған білімінің иллюстрациясы болып шығады.

Ориентализм Шығысқа айқын таңатын сипаттардың бірі – өзін танудың, өзіндік сананың әлсіздігі. Шығыста билік иелері мен әміршілер жайлы, әрине, аз айтылмайды, тіпті олар асыра мадақталып жатады. Ал басқалары – тұтасқан қалың бұқара бір-бірінен айнамайтын шығыс өрнегіне айналып кетеді. Бұл мәселені Саид еңбегінің әр тұсында бірнеше рет көтереді.

Батыс мәдениетіндегі адамның өмірлік міндеті мен миссиясы, өзі мен әлем алдындағы парыз – жеке тұлғасын көрсету, әлеуетін таныту, өзін («Мен») дамыту. Батыс адамының түсінігінде адам өмірге өзінің кім екенін алдымен өзіне, одан соң басқаларға таныту немесе дәлелдеу үшін келеді. Ал ориентализмнің түсінігінде Шығыста архаикалық (көнерген) ұжымшылдық, трайбализм, рушылдық бір-бірінен ажырамай билік құруда, ал жеке адам тұлғасының қоғам үшін де, оның өзі үшін де құны жоқ. Бұған кез келген жерде айтылатын Шығыстың Батыстағыдан өзге демографиялық динамикасы, «өнімділік» (көп бала туу) ықпал етеді.

Осы айтылғандарға сәйкес «Шығыс адамы» – ол нақты өз бейнесі жоқ, шөл далада көшіп жатқан бархан сияқты, толқын болып келіп, ешқандай із қалдырмай, қайтадан толқын болып кететін белгісіз бір тобыр. Ондай болса оларды аяп, мүсіркеудің де еш мәні жоқ. Сондықтан да Саид британ жазушы саясат тіліне «қырғиқабақ соғыс» ұғымын енгізген публицист Джордж Оруэллдің «Марракеш» (Марокко, 1939) эссесінен орынды мысал келтіреді, үзіндіде былай делінеді: «Рас па? Олар да біз сияқты адам ба? Олардың есімдері бар ма? Әлде олар күнге күйген аморфты (пішінсіз) массаның бір бөлігі ме? Аралар немесе маржандардың айналасында жүретін жәндіктер сияқты тіршілік ете ме? Олар жер бетінде пайда болады, одан соң бірнеше жыл азаптанады, ашығады, ал содан соң белгісіз зираттардың төбешігіне кетеді, сөйтіп олардың енді бұл өмірде жоқ екенін ешкім байқамайды да. Біртіндеп зираттардың өзі де жермен теңесіп кетеді».

Мұның барлығы түптеп келгенде Шығысты «шығыстандыру» әдісіне – Шығыс етіп көрсетуге алып келеді. Шығысты «шығыстандыру» дегеніміз – Батыс пен Шығыс арасындағы айырмашылықты айрықша атап, асыра, әсірелей көрсету. Бинарлық оппозицияның белгілі идеясы.

Саид: «Шығыс, әсіресе Таяу Шығыс антикалық дәуірден бері Батыста оның ажырымас қосалқы бөлігі, қарсыласы ретінде қабылданып келді», – дейді. Батыс егер Шығысқа қатысты өзіне беймәлім және түсініксіз жағдайға тап болса, оны арнайы жеке нысан ретінде емес, өзіне бір таныс нәрсе ретінде қарастырады, яғни тап болған тығырықтан Шығысты өзінің басқа бір «нұсқасы» деп қарастыру арқылы шығып кетеді. Мысалы, христиан діні исламды тура осы жолмен – өзінің бұрмаланған нұсқасы түрінде қабылдады.

Шығыс Батыстың мәңгі және тұрақты қарсыласы, әрі сол мезгілде оның төңкерілген айнадағы көрінісі сияқты. Соңында Шығыстың бейнесі «Батыстың өзінің керісінше» бейнелерінен құрастырылғандай болып шықты.

Бұл жерде Батыс пен Шығыстың, әрине, географиялық ұғымдар емес, мәдени құрылым ретінде қарастырылатынын есте ұстаған жөн. Мәдени ориентализм осы негізгі өркениеттік стратегиялардың арақатынасы туралы кез келген сұхбатты қозғап, әрі оны Батыстың бүкіл әлемдегі үстемдігін «заңдастыруға» және таратуға бағыттап отырады.

Осының барлығына қатысты алғанда Батыстың Шығысқа қатысты ұстанатын тұрақты белсенділігі үлкен маңызға ие.

Саид Батыс-Шығыс арақатынасында Батыстың белсенді рөлге ие екенін, мәдениеттердің өзара ықпалдастығының бастаушысы, әрі негізгі ойыншы немесе қызығушы екеніне үнемі назар аудартады. Ең алдымен, бұл ұлы географиялық ашулардың өзінен, батыс мәдениеті



өкілдерінің түрлі қиындықтар мен қауіпке қарамастан Шығыстың құпиялары мен тереңіне еруге деген табандылығынан көрінеді.

Сонымен бірге бұл Батыстың Шығыстағы іс-қимылының масштабы, ауқымдылығымен де байланысты. Наполеон Бонапарттың Мысырға жорығы кезінде әскердің қасында жаратылыстану және гуманитарлық ғылымдардың түрлі өкілдерінен құралған үлкен ғылыми топ болды. Олардың міндеті Мысырды әр салада барынша толық, жан-жақты зерттеу, сипаттау болатын.

Дегенмен Батыстың Шығыста атқарған ең ірі жобасы – халықаралық стратегиялық құрылыс Суэц каналының салынуы болды.

Құрылыс кезіндегі қаржыны талан-таражға салу, инженерлік проблемалардың көбейіп кетуіне қарамастан Суэц каналы Батыс пен Шығыстың арасындағы байланысты түбегейлі өзгертті. Егер Суэц салынғанға дейін Шығыс қолжетпес, алыстағы аумақ, сол себепті қауіпсіз болса, енді жағдай мүлде өзгереді. Шығыс енді Батысқа «өзі келеді», ол Батыстың жанында емес, оның ішінде болып шықты. Бұл түбінде айтарлықтай проблемаларды тудырды.

Алайда Батыстың Шығысқа қатысты белсенділігі ориенталистердің Шығысты зерттеп қана қоймай, Шығыста өз державаларының тыңшысы ретінде де қызмет етуінен байқалды.

Ориенталист – өзінің кітабындағынан басқаны көрмейтін адам ғана емес. Ориентализмде сонымен бірге басқа экзистенциалды полюс пайда болды, ол – сыртқы күшке еш қарсылық танытпайтын өте икемді, көнгіш ортаға кіріп алып оны өзінің ыңғайына қарай «илейтін» фигура. Белгілі бір кезеңде Батыс өзінің зерттейтін/игеретін материалын өзі қолдан жасады.

Ориентализмдегі «тыңшы» кім? Ол не істейді? Мысал келтірейік.

**Лоуренс Аравийский** есімімен белгілі Томас Эдвард Лоуренс түрік әскерінің тылында 1916–1918 жылдары қарулы араб көтерілісін ұйымдастырып, Бірінші дүниежүзілік соғыс кезінде ағылшын-түрік қақтығысына тікелей ықпал етті. Бастапқыда Мысырдың экспедициялық әскерін басқарған ол одан соң Меккедегі Араб азат ету әскерінің құрамында ханзада Фейсалдың әскери кеңесшісі болады. Ханзаданың кеңесшісі бола жүріп Британияның араб елдеріндегі ықпалының күшеюіне қызмет етеді.

**Гертруда Белл** – өте әйгілі, жарқын, әрі қайғылы тағдыр иесі «шөл дала қызы» атанған британдық жазушы, саяхатшы, тыңшы, саяси мәселелер жөніндегі офицер, археолог.

Таяу Шығыс бойынша жүргізген зерттеулері, картография саласындағы білімінің арқасында Британ империясының саясаты мен тыңшылық саласына қызмет еткен. Лоуренс Аравийскиймен бірігіп, қазіргі Иордания территориясында Хашимилер әулетінің билікке орнығуына қолдау жасаған. Таяу Шығыс елдеріне жасаған саяхаттары, араб көсемдерімен таныстығы арқасында жиған білімінің арқасында шегара белгілеу ісіне араласқан. Сол арқылы қазіргі заманғы араб Шығысының саяси картасының қалыптасуына ықпал көрсетті.

«Ориентализм» тұжырымдамасына қалай қарау керек? Түпкілікті алғанда Э. Саидтің ориентализмге қатысты атаған бұл сыни көзқарастарының негізі бар. Олардың барлығы батыс гуманитарлық ғылымының әдістемесіне тікелей қатысты. Э. Саид бірнеше рет М. Фуконың еңбектеріне сілтеме жасайды, сондықтан оның сыны батыстық гуманитарлық ғылымның өзіне-өзі жасаған сынымен байланыстырылуы мүмкін.

### **Өзін-өзі бақылау сұрақтары**

1. «Постколониализм» қандай ұғым?
2. Мультикультурализм деп нені атаймыз?
3. Шығыстың бұрмаланған, шындықтан алыс бейнесін қалыптастырушы қандай әдістерді білесіз?

### **Өздік жұмыс тапсырмалары**

1. Жалпылама, жинақтап баға беру (generalization) әдісіне мысал келтіріңіз.
2. Тарихтан алшақтық (А-историзм) ұғымының мағынасына тоқталыңыз.
3. Ориенталистерді кейде неге тыңшы деп атады? Оларға мысал келтіріңіз.



Кітап: **Ориентализм**

Дәріс: **Ориентализм тұжырымдамасы: Саидтің талдауы**

---

### **Ұсынылатын ресурстар**

1. Said Edward W., Orientalism. London: Penguin, 2003. 396 p. Э. Саид. Ориентализм. С-Петербург: Русский Мир, 2006. – 639 с.
2. <https://ru.wikipedia.org>.
3. <http://anthropology.ru> Говорунов А.В., Кузьменко О.П., Ориентализм и право говорить за другого.